

«Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асырудың мәні мен құндылықтары

Бекова Н.С., Баймағанбетова А.А.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

bekova.n99@inbox.ru

Мәңгілік Ел болашағы - білімді ұрпақ, саналы жастар! Ендігі ұрпақ - Мәңгілік Қазақтың перзенті. Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы - Мәңгілік Ел!...

Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: қазақ елінің ұлттық идеясы - Мәңгілік Ел ата - бабамыздың сан мыңдаған жылдар бойы асыл арманы екені баршамызға белгілі. Ол арман - әлем елдерімен терезесі тең, әлем қатынасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз мемлекет атануы еді, ол арман тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Біз бұл арманды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлттық мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – «Мәңгілік Ел» идеясы», - деген еді. Тәуелсіздік арқасында халқымыз мәңгілік мұраттарға қол жеткізуді, еліміздің жүрегі Елорда тұрғызылды. Ендігі ұрпақ - Мәңгілік Қазақтың перзенті. Ұлттық идея мәселесі бүгінде барлық мемлекеттер үшін маңызды болып отыр. Сонымен қатар, Президентіміз Мәңгілік Ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары «Қазақстан – 2050» стратегиясының түпқазығы етіп алынғандығын алға тартты. Мәңгілік Ел идеясын, ұлттық идеологияның негізгі факторы ретінде қарай отырып, оны барлық қазақстандықтар қолдайтын ортақ, әлеуметтік, этностық, діни бірегейлікті қамтамасыз ететін басты ұстанымға айналдыру қазіргі кезеңнің басты міндеті болмақшы. Сонымен бірге, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының басты, негізгі іргетасы – бірлік екенін ұмытпағанымыз абзал. Қазақстандықтардың әлеуметтік, мәдени, рухани бірегейлігін дамыту, ұлттық идеологияны дамытудың басты факторы болуы тиіс. Сондықтан да «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асырудың тұжырымдамалық негізін философиялық тұрғыдан талдау қажеттілігі туындайды. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялаған күннен бері жүзеге асырып келеді[1].

Бұл бағыт – қазіргі таңда «Мәңгілік Ел» идеясын ұлттық идея ретінде жариялап отырған Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың да ұстанып отырған стратегиялық саясаты. Сонымен, көне тарихтан бастау алған ұлттық идеямыз қазірде тарихи сабақтастықты бастан кешіріп, тәуелсіз мемлекетіміздің рухани тұрғыдан тұрақты даму ресурсына айналып отыр. Оны Елбасының жария еткен 2015 жылға арналған Жолдауында айқын көрсетіп берді: «Біздің жалпы ұлттық идеямыз – Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Мәңгілік Ел – елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. «Мәңгілік Ел» идеясы – еліміздің өз мақсатына талай дәуір сынынан сүріндірмей жеткізетін тұғырлы идея. Бұл дамыған 30 елдің қатарына кіруімізге жаңа серпін беретін сөзсіз. Әрбір Жолдауында Ұлт Көшбасшысы халықтың жағдайын бір сәтке де ұмытқан емес. Күні бүгінге дейін айтылған міндеттердің бәрі жыл өткен сайын бірте-бірте орындалу үстінде. Өз тәуелсіздігінің жиырма бес жылын артта қалдырған егеменді еліміз бүгінде жаңа экономикалық өрлеу жолында.

Ел Президентінің Жолдауында баршамыздың мақсатымыз, мүддеміз, тағдырымыз бір, сондықтан да Мәңгілік Ел болуымыз үшін бірлікте, татулықта болу маңыздылығын айтқан болатын. Ұрпағымыз тәрбиелі, білімді, саналы болған жағдайда ғана елімізді көркейтуге үлес қосып, арман - мақсаттары «Мәңгілік Ел» мұратымен ұласпақ. Ел болу мәселесі, ұлтты сақтау, жерді, туған атамекенді қорғау мәселесі қазақ халқы үшін қашанда тарихи даму тұрғысынан маңызды болып келе жатқаны белгілі. Әлем тәжірибесі көрсеткендей, кез-келген мемлекеттің экономикалық даму жетістігі сол елдің білім жүйесі мен азаматтарының білім дәрежесіне, біліктілігіне, кәсіби құзіреттілігіне байланысты. Өйткені білім арқылы ғана қоғамның интеллектуалдық капиталы мен инновациялық әлеуеті қалыптасады, білім-

қозғаушы күш. Қазақстан Республикасында білім беру жүйесіндегі модернизациялау үдерісі - білім мазмұнын жанарту мен сапасын арттыру, білім берудің ұлттық моделін жетілдіру, ақпараттық технологияларды меңгерту сынды кешенді шараларды жүзеге асыруда. Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев жыл сайын халыққа ұсынған Жолдауында білім саласына ерекше басымдық беріп, жастардың білім-біліктілігін жетілдіру үшін барлық жағдай жасауда. «Қазақстан - 2050» Стратегиясында: — Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек[2].

Мәңгілік елді құру үшін экономикамызды өркендетіп, жаңа технологияны пайдалана отырып, өндірісті және индустриализацияны нығайту мәселесі өте маңызды орын алатынын айқындады. Сонымен қатар ауылшаруашылығын қарқынды дамыта отырып, өркениетке бет бұрыс жасау қажеттілігіне ерекше назар аударды. Қазақстан Республикасының әрбір азаматы өркениетті 50 елдің қатарына кіру үшін қажымай еңбек ету керек. Ол үшін әрбір адам өзі еңбек еткен мекемеде немесе білім саласында ізденушілікпен өзін-өзі дамыту жоспарын өзінен бастап, талмай еңбектенсе, бұл да еліміздің Мәңгілік Елге айналуына кішкентайда болсын септігін тигізеді деп ойлаймын. Мәңгілік Ел идеясын іске асыру үшін - жер шарындағы барлық елдермен экономикалық қарым-қатынасты жоғары деңгейде ұйымдастырудың қажеттігі туындайды. Экономиканың негізгі салаларына дамыған елдерден инвестицияны көп мөлшерде тартып, оны өндіріспен қатар, ауылшаруашылық салаларына (агроөнеркәсіпке, мал шаруашылығына) жаңа технологияларды молынан қолдана білу мүмкіндігін туғыза отырып, оны ғылыми тұрғыда өркендетеді. Осы жұмысқа Қазақстандағы белгілі ғылыми институттарындағы белгілі ғалымдарды тартып, олардың теориялық және практикалық тәжірибелерімен молынан пайдаланған жөн. Себебі, өркені жеткен елдердің артынан озық ғалымдар мен заманауи технологиялар еркінен жетілген. Осы 178 себеппен біздің де елімізде нанотехнологияларды қолданумен қатар, оларды ойлап құрастыру мәселесі өте күрделі түрде жетілгені өте маңызды деген ойдамын. Қазақстан Республикасын Мәңгілік Елдің қатарына қосу үшін Отанымыздағы білім саласына жаңа заманауи оқыту, білім беру технологиясын дамыту мен қолдана білу бәрінен маңызды. Оның себебі, жаңа компьютерлендіру, яғни ақпараттандыру заманында жастарға тез әрі ғылыми ақпаратпен қамтамасыз ету өте маңызды деп ойлаймын. Жастарға жаңа технология мен техниканы меңгерту үшін жан-жақты ақпаратпен қамтамасыз ету басты мәселенің бірі болып табылады. Мәңгілік Ел болу үшін Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, білім мен ғылымның негізгі рөлді атқаратыны онсызда белгілі болып отыр. Мәңгілік Елді құру үшін Қазақстан Республикасының әрбір азаматының денсаулығы және әлеуметтік тұрғыдан мемлекеттің жоғарғы дәрежедегі қамқорлығында болуы шарт. Мәңгілік Елді құру үшін жер шарындағы барлық елмен, соның ішінде көрші Ресей, Қытай ұлы державалармен түсіністікте, сыйластықта, достық, бейбітшілік қарым-қатынаста болу маңызды рөл атқаратынын есте шығармаған абзал деген ойдамын. Себебі, еліміздің тыныштығы, халқымыздың бейбіт өмір кешіп жатқанын жоғары бағамен бағалауымыз керек дегім келеді.

Мәңгілік Ел ұрпақтары ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;
- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу; жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз [3].

«Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыратын және оны одан әрі дамытатын бүгінгі жастар екені белгілі. Жастар осы ұлттық идеяны жүзеге асыру үшін өз Отанын сүйетін ұлтжанды, патриот болулары керек. Патриотизм біздің қазақстандық жастар үшін этностарды

бөлшектейтін, жіктейтін, бір-біріне қарсы қоятын күш емес, керісінше, біріктіретін күш ретінде мойындалуы тиіс және олардың ментальдық болмысында қағида ретінде қалыптасуы қажет. «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асырып, одан әрі дамытатын жастар болғандықтан олар ең алдымен білімді, ұлттық құндылықтар мен заманауи игіліктерді өз бойына біріктіріп, ұштастыра білген, өз елінің нағыз жанашыр азаматтары ретінде қалыптасуға талпынуы керек. Мемлекеттің осы бағытта атқарып жатқан ізгі жұмыстары аз емес, солардың бірі осы - «Мәңгілік Ел» идеясы. Сонымен қатар Елбасы Н.Назарбаев «Мәңгілік Ел» идеясын Қазақстан халқының жарқын болашағы үшін қабылдаған өте маңызды және тарихи мәнге ие құжат «Бес институционалды реформаны жүзеге асыруға бағытталған нақты жүз қадам» атты бағдарламаның идеологиялық негізі етіп алды. Мұндағы «Біртектілік пен бірлік» реформасында «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі жобасын әзірлеу, Қазақстан халқы Ассамблеясының «Үлкен ел - үлкен отбасы» кең көлемді жобасын әзірлеу және жүзеге асыру, азаматтық біртектілікті нығайтудың «Менің елім» ұлттық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру, «Нұрлы болашақ» ұлттық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру, т.б. нақты қадамдар жүзеге асыру көзделді. Қазақстан тағдыры үшін, өткен ата-бабалар мен болашақ ұрпақ алдында ең бағалы құндылығымыз - егемендігімізді сақтап, мұратымызға айналған «Мәңгілік Ел» болу идеясын жүзеге асыру жолында аянбай еңбек ете білейік[4].

Қорытындылай келе, басты міндет жасөспірім талабын қанағаттандыратын, қоғамның, ұлтымыздың ұстанған бағытымен сабақтас келетін сапалы білім мен саналы тәрбие жүйесін құру деп санаймын. «Мәңгілік Ел» – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы, ұлттық құндылықтары арқылы ұлылығын ұлықтаған елдің ертеңіне деген сенімі. «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асырып, одан әрі дамытатын жастар болғандықтан олардың ең алдымен білімді, ұлттық құндылықтар мен заманауи игіліктерді өз бойына біріктіріп, ұштастыра білген, өз елінің нағыз жанашыр азаматтары ретінде қалыптасуын үнемі басты назарда ұстауымыз қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1.«Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», атты халыққа арнаған жолдауы. «Егемен Қазақстан» газеті, 2014, 17 қаңтар .
2. Сатай Сыздықов. «Мәңгілік Ел» Бұл көне тарихтан тін тартқан идеяның жаңа дәуірмен ұштасуы», «Егемен Қазақстан» 2014 ж.
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму»
4. Н.Назарбаев. «Мәңгілік ел – қазақ халқының ұлттық идеясы» Жолдауы. А., 2014.

Исторические корни формирования многонационального Казахстана и национальная политика государства

Елеуханова С. В. к.и.н., доцент

Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетов, г. Караганда,
eleuxanova62@mail.ru

В период нахождения Казахстана в составе Российской империи в результате территориальных, административных реформ царизма в нем происходили существенные изменения этнического состава населения, оно постепенно перестает быть мононациональным и становится многоэтничным. По данным Первой всеобщей переписи населения Российской империи 1897 года на территории Казахстана проживало 4 млн. 147 тыс. чел. Казахи составляли – 81,7% и входили в категорию «сельских обывателей, русские - 10,9%; украинцы – 1,9 %, прочие народы составляли 5, 5% [1].

Весь прошлый XX век на территории Казахстана шёл сложный процесс формирования многоэтничного населения Казахстана. В самом начале века в ходе крестьянского переселения периода столыпинских реформ в Казахстан прибыло 1 миллион